сол мамандыққа келер болса, кез келген мамандықты ішін алып кетесің.

Қазіргі уақытта мамандықтың маңыздыға емес, жалақысына қарап таңдау жасайтындар қарасы көбейді. Қарапайым мектеп оқушыларын мысалға алатын болсақ 78%-ы медицина, туризм, шенді қызметтерге қызығушылық танытқан. Сол мамандықтың иесі болып, халыққа қызмет ету үшін емес, жалақысын алып, жаратуда бар пейілдері. Ал көмекке мұқтаж жандар не істемек? Ауру адамды қай кабинеттен кабинетке сандалту, шығынсының кірісінен көп болуы, шешілмеген ауыл мен қала мәселелері де осыдан бастау алмайма? Биікте отырып, жоғарғы шенді қызметте өзінің емес, өзінің қара басын ойлаған дүниеқорлар осындайдан шықпайма? Нақты түрде білімі жоқ азаматтар мен азаматша-лар өз қолдарында өзінің өмірімен ойнап жүргенін есте сезбейтін секілді. Диагнозы қате қойылып, неше түрлі препарат, операциялардан кемтар болған жандар, шалғайда отын-суысыз күнелтіп жатқан ауыл тұрғындары, мың сандаған пәтер ала алмай жүргендер, кезегі жылжымай не жұмысқа, не балабақшаға баласын бере алмай жүрген жандар мұның айқын мысалы. Көкейді тескен ойды оралытсақ алысқа кетеді, шешімі біреу ғана: мамандықты таңдар алдында "жеті рет өлшеп, бір рет кесу" керектігін жас ұрпақ санасына сіңіру, маңызын түсіндіру.



ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ